



ХҒТАР 16.21.43
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2024-149-4-251-262>

«Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі изафет құрылымдар (синтаксистік-семантикалық талдау)

А.С. Зинедина¹, М.Ж. Ескиндиrowa², Л. Еспекова*³

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: aierke96@gmail.com, manshuk-eskindirova@yandex.kz, lyazzat_01@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі изафеттік қатынастардың семантикасы талданады. Зерттеу тақырыбы түркі жазба ескерткіштеріндегі синтаксистік құрылымдарды, оның ішінде изафеттік қатынастарды талдау арқылы сол кезеңдегі түркі тілдерінің синтаксистік жүйесінің семантикалық мәнін терең түсінуге бағытталған. Изафет құрылымдар тілдегі заттар, құбылыстар мен ұғымдар арасындағы семантикалық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді, сондықтан олардың мағыналық рөлі түркі тіл білімінде маңызды орын алады. Зерттеудің мақсаты – «Гүлістан бит Түркі» мәтініндегі изафеттік қатынастардың семантикалық ерекшеліктерін айқындап, олардың грамматикалық және мағыналық байланыстарын талдау. Изафеттік қатынастардың I, II, III типтерін айқындай отырып, жазба ескерткішінде кездесетін меншікті, матасулы, метафоралы мәндердің қолданысы мен олардың семантикалық рөлі ажыратылады. Зерттеу жұмысында құрылымдық-семантикалық талдау, тарихи-салыстырмалы талдау және мәнмәтіндік талдау, синтаксистік талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер арқылы мәтіндегі изафет қатынастардың мағыналық аспектілері зерттеледі. Изафеттік қатынастардың семантикасын талдау түркі тілдерінің синтаксистік жүйесіндегі негізгі заңдылықтарды түсіндіруге және осы ескерткіштің лингвистикалық құндылығын ашуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері тіл білімі, әдебиеттану және мәдениеттану салаларында қолданыла алады. Зерттеу нәтижесінде «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі изафеттік қатынастардың семантикасы жан-жақты талданып, олардың түркі тілдеріндегі мағыналық жүйені құраудағы маңыздылығы айқындалды. Бұл зерттеу жұмысы түркі тілдерінің синтаксистік құрылымының тарихи сипатын тереңірек түсінуге елеулі үлес қосады.

Түйін сөздер: изафет, матасу, сөз тіркесі, Гүлістан бит Түркі, тарихи синтаксис.

Түсті: 05.03.2024; Мақұлданды: 16.10.2024; Онлайн қолжетімді: 25.12.2024

Кіріспе

«Гүлістан бит Түркі» ескерткіші – шағатай тілінде жазылған ортағасырлық жазба әдебиетінің жарқын үлгілерінің бірі. Бұл жазба ескерткішіндегі изафеттік қатынастарды зерттеу түркі тілдерінің синтаксистік және семантикалық құрылымдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Изафет құрылымдар зат есімдер арасындағы логикалық, мағыналық байланыстарды білдіретін синтаксистік амалдардың бірі болғандықтан, олардың семантикалық мәнін анықтау тілдік құрылымдардың даму заңдылықтарын түсінуге ықпал етеді. Шағатай тілінің құрылымы мен синтаксистік жүйесіндегі ерекшеліктер «Гүлістан бит Түркі» жазба ескерткішінде толық көрінеді. «Гүлістан бит Түркі» ескерткіші поэзиялық шығарма болғанымен, онда поэзиялық мәтін де, қара сөзбен жазылған мәтін де бар. Сондықтан «Гүлістан бит Түркі» ескерткіші поэтикалық синтаксиспен прозалық синтаксистің қосындысы бола отырып, шағатай тілі синтаксистік құрылысының құнды үлгісі болып есептеледі. Поэтикалық мәтінді аудару кезінде С. Сарай түпнұсқадан алшақтап, түркі тілінің поэтикалық ерекшелігіне сай шығармашылық туынды түзеді. Прозалық бөлігіне еркін аударма жасаса, поэзиялық бөлікте автор идеясын ұстанады [1, 75]. «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің тілдік табиғатын зерттеген Э. Наджип: «С. Сарайдың поэтикалық тілі жоғары, өте білімді аудармашы болған», - деген баға береді [2, 83]. Яғни парсы тіліндегі «Гүлістан» шығармасының шағатай тіліндегі С. Сарайдың аудармасымен түркі жұртына жеткен жазба ескерткіштің тілдік, мазмұндық, поэтикалық қуаты түпнұсқадан кем түспейді. Түркі тілінің барлық ерекшелігі, сипаты, грамматикалық формалардың кең ауқымы қолданылған.

Бұл жазба ескерткішінде қазіргі қазақ тіліне тән сөздердің байланысу формаларының барлық түрі кездеседі. Мысалы, *хүкімін ішітү* (меңгеру), *қара маусум* (қабысу), *гулінің нәубәті* (матасу), *кеттілер арқұн* (жанасу), *тікенлер бітті* (қиысу) т.б. Бұл әдеби жазба ескерткішінде түркі тілдерінің синтаксистік қатынасының ерекшелігін сипаттайтын изафеттік құрылым ерекше назар аудартады. Өйткені изафет құрылымдар арқылы берілетін семантикалық мән байырғы түркі тілдерінің негізгі грамматикалық сипатын көрсетеді. Түркі тілдерінде сөздердің байланысу формаларының ішінде изафет ең жиі ұшырасатын және түркі тілдерінің ерекшелігін танытатын қатынас түрі саналады [3, 284].

«Гүлістан бит түркі» ескерткіші түркітану, тілтану, әдебиеттану, тарих, мәдениеттану зерттеушілерінің еңбектерінде әр түрлі аспектіде зерделенді. Лингвистикалық зерттеулердің ішінде Э. Наджиптің зерттеуі құнды саналады. Біз өз зерттеу жұмысымызда «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің синтаксистік ерекшелігі мен түркі тілдеріндегі изафеттік құрылымдардың ерекшелігін сипаттау үшін Т. Қордабаев, Т. Сайрамбаев, М. Балақаев, Э. Наджип, С. Майзель, Н. Гаджиева т.б. сынды ғалымдардың еңбектерін негізге алдық.

Зерттеу әдістері

«Гүлістан бит Түркі» жазба ескерткішіндегі изафеттік қатынастарды құрылымдық және семантикалық тұрғыдан зерттеу мақсатында ескерткіштің толық мәтіні талданды.

М. Мырзахметұлы, Ә. Керім, Т. Қыдыр ұсынған «Қазыналы Оңтүстік» жинағының 67-томында берілген «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінің кирилл графикасындағы транскрипциясы пайдаланылды. Мақаланың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес *құрылымдық-семантикалық талдау әдісі, тарихи-салыстырмалы әдіс, лексика-семантикалық талдау әдісі, мәмәтіндік талдау әдістері* арқылы зерттеу жүргізілді. *Құрылымдық-семантикалық әдіс* арқылы ескерткіштегі изафеттік құрылымдардың синтаксистік сипаты мен олардың семантикалық мәні талданады. Изафет құрылымдардың сөйлем ішінде қандай рөл атқаратыны, қандай сөз таптарымен байланысатыны және олардың сөйлемдегі мағыналық қатынастары зерттеледі. *Тарихи-салыстырмалы әдіс* негізінде «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі изафет құрылымдардың қазіргі қазақ тіліндегі изафеттік қатынаспен ұқсастығы салыстырылады. Изафет құрылымдардың тарихи дамуы мен олардың тілдік қолданысындағы өзгерістер айқындалды. *Лексика-семантикалық талдау әдісі* арқылы изафет құрылымдардағы сөздердің мағыналық ерекшеліктері мен олардың өзара байланысы талданады. Әрбір изафеттік құрылымның құрамындағы сөздер арасындағы мағыналық байланыстар қарастырылып, олардың қандай семантикалық мәндерді білдіретіні айқындалады. *Мәмәтіндік талдау әдісі* арқылы изафет құрылымдардың мәтіндегі синтаксистік қызметі мен семантикалық рөлі анықталады. Бұл әдіс әрбір изафет құрылымдардың мәтіндегі жалпы мағынаны жеткізудегі рөлі мен оқырманға әсерін түсінуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында қолданылған әдістер «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі изафет құрылымдардың синтаксистік ерекшелігін, олардың мағыналық ерекшеліктерін және қазіргі түркі тілдеріндегі сабақтастықтарын терең зерттеуге бағытталған.

Нәтижелер мен талқылаулар

Изафеттік құрылым дегеніміз – екі зат есімнің сабақтаса байланысуы негізінде жасалатын синтаксистік қатынас. Қазақ тілінде кездесетін матасу да изафеттік құрылыстың бір түрі саналады. Яғни изафеттік байланыс екі не бірнеше зат есімнің тіркесуінен тұрады. Изафеттік қатынаста логикалық байланыс болады. Тіл білімінде сын есімнің, сан есімнің, есімдіктің заттануы мен зат есімнің тіркесуін де изафеттік қатынас ретінде айқындайтын ғалымдар аз емес. Мәселен, В. Шаяхметов «изафет» терминінің араб тілінің «жалғау», «байланыстыру» сөзінен шығып, атау мәнді сөздердің байланысуын айқындайтындығын айтады [4, 5]. Яғни ғалым изафеттік қатынасты атау мәнді сөздердің байланысы деп санайды. Бұл орынды пікір болғанымен, изафеттік байланыстың сипатын толық ашпайды. Сондықтан біз изафеттік қатынастың негізгі мәнін айқындауда түркітанушы С. Майзельдің ұстанымдарына жүгінеміз. Ғалым: «Изафет кез келген екі есім сөзден жасалмайды, изафет болу үшін екі зат есімнің бір-бірімен сақтаса байланысуы шарт», – дейді [5, 11]. Яғни изафеттің жасалуы үшін зат есімнен болған сөздер арасында басыңқы-бағыныңқылы байланыс орнауы керек. Бұл бір зат есім екінші зат есімге бағына отырып байланыс түзуі қажеттігін көрсетеді. Изафеттік қатынасты айқындауда Н. Гаджиева: «Изафет түркі тілдерінің жалғамалық сипатына сәйкес және сөздердің орын тәртібіне сай «анықтаушы+анықталушы» заңдылығына

сәйкес құрылады», - деген ұстанымды да алға тартады [6, 106]. Сонда тіл біліміндегі «изафет» терминіне былайша анықтама беруге болады: Бір сыңары ілік септігінде не жасырын формада келіп, екінші сыңарын анықтап тұратын зат есімдердің сабақтаса байланысуы.

Изафеттік құрылымды сөздер арасындағы мағыналық байланысына қарай, грамматикалық ерекшелігіне қарай бірнеше топқа жіктеуге болады. Түркітануда изафеттік құрылымды типтік сипаты бойынша көбіне үшке бөледі. Мәселен, Н. Гаджиева изафеттің үш түрін былайша көрсетеді:

I изафет. Изафеттік қатынаста тіркес құрамындағы сөздердің грамматикалық формалары болмайды. Мысалы, ағаш қасық, темір есік т.б. Мұндай сөз тіркестерінің құрамындағы бағыңқы сыңар көлем, өлшем, форма, материалды білдіретін сөздерден тұрады.

II изафет. Изафеттік қатынаста алғашқы сөз нөлдік формада, екінші сөз тәуелдік жалғауында тұрады. Мысалы, ел заңы, қала бақшасы т.б.

III изафет. Бұл изафеттік қатынасты нағыз изафет деуге болады. Өйткені тіркес құрамындағы екі зат есім де өздерінің заттық мәнін сақтайды. Бағыныңқы сыңар меншіктік мәнді білдіретін ілік септігінің жалғауында тұрады, басыңқы сыңар тәуелдік жалғауында жағында тұрады [6, 118]. С. Майзельдің пікірі де Н. Гаджиевамен сабақтас. Ол изафеттік құрылымның бұл үш түрін *екі қосымшалы, бір қосымшалы, қосымшасыз* деп атай отырып, изафеттік құрылымның формуласын береді: I изафет: $C_1 + M_1$; II изафет: $C_0 + M_1$; III изафет: $C_0 + M_0$ [5, 11]. Ал қазақ тіл білімде изафеттік қатынастың түріне қатысты екі жақты пікір бар. Т. Қордабаев зат есімдердің байланысуын екі түрлі сипатта көрсетеді: қосымшасыз келетін изафеттік қатынасты *қабысу формасы* деп таниды: «Зат есімдердің бір-бірімен тіркесу тәсілі, негізінен, екі түрлі болып келеді: атау тұлғалы зат есімдердің бір-біріне тіркесе, қабыса айтылуы арқылы: зат есімдердің бір-бірімен изафеттік қатынаста тұруы арқылы» [7, 63]. Яғни Т. Қордабаев изафеттік қатынастың алғашқы түрін қабысу деп таныса, екінші түрін матасу ретінде көрсетеді. Ары қарай автор ойын өрбіте отырып, зат есімдердің тіркесі туралы: «Сөйлемдегі зат есімдер тіркесі, негізінде, олардың бір-бірімен тетелес, тіркес айтылулары арқылы жасалған. Мұндай тіркестердің мағыналық және синтаксистік дербестіктері біркелкі емес», - деген пікір білдіреді [7, 63]. М. Балақаев та матасу формасын изафеттік қатынастың бір түрі ретінде қарастырады. Ғалым: «Матасу – изафеттік құрылыстағы сөз тіркесінің байланыс формасы. Изафеттік құрылыстағы сөз тіркестерін өзара матастырып тұратын грамматикалық тұлғалар – ілік, тәуелдік жалғаулары», - дейді [8, 33]. Сонда матасу және мен изафеттік құрылыстың формасына жатады. Еш жалғаулықсыз, орын тәртібі арқылы келетін зат есімдердің байланысуы изафеттік құрылыстың қабысу формасын білдіреді. Ал ілік септігімен не ілік септігінің жасырын түріндегі зат есім мен тәуелдік жалғаулы зат есімнің тіркесуі матасу формасын құрайды. Қабысудың барлығы бірдей изафет бола бермейді, анықтаушы-анықтаушы формасындағы зат есімдердің тіркесі ғана изафеттік құрылысқа енеді. Матасудың да тіркес құрамындағы зат есімдердің байланысқан түрі изафеттік құрылысты құрайды. Изафеттік қатынас морфологиялық жолмен тіркесіп, жаңа семантикалық бірлік түзеді [9, 34]. Демек изафеттік құрылымның үш түрі, матасу

формасының екі түрі бар. «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінде изафеттік байланыстың үш түрі де кездеседі.

I изафет. «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі орын тәртібі арқылы тіркескен зат есімдердің изафеттік құрылымы. «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінен I изафетке мысал келтірейік: *Шекер күлүш біле келсе нече кім ол дилбәр* [10, 17]. Бұл жерде «шекер» және «күлүш» зат есімдерінің еш жалғаулықсыз байланысуы, анықтаушы-анықталушы заңдылығы бойынша басыңқы-бағыныңқылы қатынаста тұрғандығы байқалады. «Шекер» зат есімі өзінің заттық мәнінен ажырап сындық мәнге ауысқаны да көрінеді. «Шекер күлүш» тіркесі қазақ тілінде *шекер күлкі/ тәтті күлкі* мағынасын білдіреді. Бұл тұста зат есімнің метафоралануын аңғаруға болады. Тағы бір мысалға назар аударайық: *Бұ жәһандан қылмыш ол бір таш суні ихтийар* [10, 25]. Мұндағы I топтағы изафетке «таш суні», яғни «тас үй» тіркесі жатады. Бұл тіркесте де зат есімдердің қабыса отырып, орын тәртібі арқылы байланысқанын көреміз. Дегенмен екі зат есімнің еш жалғаулықсыз байланысы болғандықтан, бұл тіркес I топтағы изафетке жатады. «Шекер», «тас» зат есімдері тіркес құрамында бағыныңқылы сипат ала отырып, анықтаушы қызметін атқарады. Грамматикалық жағынан өзі тіркесетін сөзбен тең дәрежеде келіп, анықтап тұрған сөзінің сапасын, сынын, материалын білдіріп тұр.

II изафет. «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі ілік септігінің жасырын формасындағы зат есім мен тәуелдік жалғаулы зат есім байланысындағы изафеттік құрылым. Бұл изафет түрінде меншіктік қатынас байқалады. Ілік септігі мен тәуелдік жалғау қандай да бір зат не ұғымның тиесілілігін, меншікті білдіретін формалар екені белгілі. Ілік септігі жасырын тұрғанымен, логикалық тұрғыда нөлдік форма арқылы ілік септігінің мәні қосарланып отырады. Изафеттің II түріндегі формаға мысалдар келтірейік: *Йаман душман йүздүндін ақил ерге* [10, 19]. Бұл сөйлемде «душман йүздүндін», яғни «дұшпан жүзі» изафеті кездеседі. Изафеттік тіркестің II формасына сәйкес алғашқы «дұшпан» сөз жалғаулықсыз келсе де, логикалық тұрғыда меншікті білдіре отырып, тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесі отырып, қандай да бір тиесілілік мәнін айшықтап тұр. *Әй, мәлик, әй мәжнүн көзінің дәрежесінлін Ләйлі жәмалына нәзәр қылмақ кересін* [10, 31]. Мұндағы «Ләйлі жәмалы» тіркесі де изафеттің II түріне жатады. Бұл сөз тіркесінде ілік септігі жасырын келеді, ал тәуелдік жалғау ашық формада жұмсалған. *Қачан келсе йаңы елге үзүм тумі болұр ексі* [10, 33]. Мұндағы «үзүм түмі», яғни «жүзім дәмі» изафеті де біз қарастырып отырған категорияға жатады. *Тәдбир суы бірлен сөндүрмек керек* [10, 37]. Бұл сөйлемдегі «тәдбир суы» (ақыл суы) изафетінің де мәні тиесілілікті білдіреді. Сонда изафеттің II түрі ілік септігінің жасырын формасы, матасу арқылы жасалып, нақты не абстрактілі меншікті білдіреді. Изафетті осылайша жіктеуде грамматикалық құрылым лексика-семантикалық мәннің алдына шығады.

III изафет. «Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі бағыныңқы сыңары ілік септігі, басыңқы сыңары тәуелдік жалғауы арқылы байланысатын изафеттік құрылым. Изафеттік құрылымның бұл түрінде анықтаушы-анықталушы қатынасындағы зат есімдердің жалғаулары ашық формада келеді. Соған сәйкес иелік мағына да нақты, дәл беріледі. Мысалы, *Йүзүң жәмалына не болды деп сәуал еттім* [10, 13]; *Сурәтін нәқшн қачан диуар үзә* [10, 17]; *Көзүмнүң қибләсі аның жәмалы дағы умрүмнің рәсмалы аның*

уисалы еді [10, 27]; *Хәқиқат ашиқ ернің мәзһәбі ол, тілесең болмаға ашиқ алай бол* [10, 43]; *Дәриға болды көзүм бәбәгі жәс* [10, 45]. Бұл сөйлемдерде берілген «жүзіңнің жамалы», «суретінің нақышы», «көзімнің құбыласы», «өмірімнің беті», «ердің жолы», «көзімнің қарашығы» изафеттік құрылымдары матасудың ашық формасына сәйкес келеді. Дегенмен сөз тіркесі құрамындағы сөздер тек зат есімнен болғандықтан, меншіктік қатынас субстантивтенеді.

«Гүлістан бит түркі» ескерткішінде парсы тілінің элементі саналатын меншіктік мағынаны білдіретін -е қосымшасы арқылы жасалған изафеттік қатынас та жиі кездеседі. Х. Резван: «Парсы тілінде изафеттік қатынас міндетті дыбыстық белгі арқылы жасалады. Дауысты -е дыбысының келесі сөзбен меңгеріле байланысуы негізінде изафет туындайды», – дейді [10, 410]. Мысалы, *Сагынгайсын кім қараңғұ кечеде толұн ай тоғды йа зулмат іччіндін аб-е хәйат чықты* [10, 21]. Мұндағы «аб-е хәйат» (өмір суы) кірме морфемалы сөз тіркесі изафеттік құрылым түзеді. «Гүлістан бит Түркі» ескерткіші парсы тілінен аударылғандықтан, кейбір лексика-грамматикалық формалар түпнұсқадан алынған. Сондықтан бұл жазба ескерткішінде изафеттік құрылымның III түрінен бөлек парсы изафеті де кездеседі.

Түркі тілдеріндегі изафеттік құрылымның ерекшелігі – сөздердің бір-бірімен жарыспалы түрде байланыса беруінде. Мұндай синтаксистік қатынасты Т. Сайрамбаев «ортақ матасу» деп атайды [10, 268]. Бұл изафетке де тән, сол себепті бір-бірімен тізбектеле байланысатын изафетті «ортақ изафет» терминімен атауға болады. «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінде де ортақ изафет, яғни тізбекті изафеттік байланыстар жиі кездеседі. Мәселен, *Дәурен-е зәман йүзі гүлні төкүбән* [10, 29]. Мұнда парсы изафеті мен I, II типтегі түркі изафетінің тізбектілігі байқалады. Яғни «дүниенің заман жүзінің гүлі» ортақ изафетіндегі алғашқы тіркесте -е парсы морфемасымен келген сөз бағыныңқы сыңар болса, екінші тіркесте «зәман» сөзі бағыныңқы сыңарға айналады. III тіркесте тәуелдік жалғаулы «йүзі» сөзі анықтаушы лексемаға айналып, изафеттік тіркесті жалғастырады. Бұл сөйлемде «дәурен-е зәман», «зәман йүзі», «йүзі гүлні» жеке изафеттік тіркестері бар. Аталған тіркестер бір-бірімен байланыса келіп, меншіктік қатынастың күрделі формасын түзеді. Парсы изафеті мен түркі изафетінің тізбектеле байланысуына тағы бір мысал келтірсек: *Инсанның шәрәф-е нәфсінде кім барып хәйуанлар фелін тұттұң дағы адәми ишрәтін тәрк еттің?* [10, 34]. Мұнда «инасанның шәрәф», «шәрәф-е нәфсі» екі изафеттік құрылымы бар. Алғашқы изафеттік тіркес түркі изафеті болса, екінші тіркес парсы изафетінен жасалған. Екі изафеттің құрылым байланыса келіп бір сөйлемнің құрамында ортақ изафетті құрайды. Ортақ изафет тек парсы изафеті мен түркі изафетінің тіркесімінен тұрмайды, түркі изафеттерінің тізбектелуінен де жасалады. Мысалы, *Жәмалың бағы гүлзары солұп тұр* [10, 53]. «Жәмалың бағы», «бағы гүлзары» ортақ изафетінде грамматикалық ықшамдалу байқалады. Бұл сөйлем қазіргі қазақ тілінде «Жамал(дың) бағының гүлзары» болар еді. яғни грамматикалық ықшамдау алғашқы зат есімді болар еді де, екінші изафеттің бағыныңқы сыңары ашық формада берілер еді. Демек сөйлем құрамындағы ортақ изафеттің шағатай тіліндегі формасында қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда айырмашылықтар бар. Өйткені шағатай мәтінінде ортақ изафеттің екі тіркеске де ортақ сөзі ықшамадауға ұшыраған.

«Гүлістан бит түркі» ескерткіші прозалық, поэзиялық мәтіндерден тұратындықтан, поэзиялық бөлігінде изафеттік қатынастардың инверсиялануы да байқалады. Мәселен, *Сынмас алтұн қимәті артмас бәһасы ташның* [10, 133]. Бұл жерде изафеттік құрылымның қалыпты формасына сәйкес «ташның бәһасы» тіркесі болуы керек еді. Поэтикалық мәтіннің ырғақ пен ұйқасына сәйкес бағыныңқы сыңар мен басыңқы сыңардың орындары ауысып қолданылған. Мұндай инверсияларда изафеттік құрылымның лексика-семантикалық, логикалық мазмұны өзгермейді. Тек поэтикалық мәтіннің ерекшелігіне сәйкес құрылымдалады.

Изафеттік қатынастардың семантикалық мазмұны тиесілілікті, меншікті, сапалық мәнді білдіреді. «Гүлістан бит Түркі» ескерткішінде де изафеттік құрылымның өзіндік семантикалық ерекшеліктері бар. Осыған сай изафеттің семантикалық түрлерін *меншікті, матасулы, метафоралы* деп бөлуге болады. Ілік септігі формасымен келген не оның жасырын түрі кездесетін сөз тіркестері тиесілікті білдіргенімен, мұндай тиесілілік деректі не дерексіз сипат алады. А. Асадулаев та ойымызды қуаттайды: «Изафеттік қатынаста меншіктілік деректі және абстрактілі сипат алады» [13, 28]. Сол себепті біз нақты тиесілілікті білдіретін изафет түрін меншікті изафет деп, ал абстрактілі тұрғыдағы тиесілілікті білдіретін изафетті матасулы изафет деп атадық. Ал лексикалық мәні ауыспалы сипат алатын тіркестерді метафоралы изафет деп танамыз. Жоғарыда талданған сөз тіркестерінен изафеттің семантикалық бөлінісіне мысал келтірейік.

- Меншікті изафет: *Ләйлі жәмалына, үзүм тумі, сурәтін нәқшн, бағы гулзары* т.б.

- Матасулы изафет: *душман йүздүндін, йүзүң жәмалы, умрүмнің рәсмалы, ернің мәзһәбі, көзүм бәбәгі* т.б.

- Метафоралы изафет: *шекер күлүш, таш сүні, тәдбир суы, көзүмнүң қибләсі, аб-е хайат* т.б.

Сонымен, «Гүлістан бит Түркі» жазба ескерткішінде түркі тілдеріне тән изафеттік сөз тіркестері жиі кездеседі. Изафеттің тіл біліміндегі III түрі де мәтін мазмұнында сақталған. Мұндай изафеттік қатынас түрлерін семантикасы бойынша үш түрге жіктеуге болады: меншікті, матасулы, метафоралы. Мәтін мазмұнына толық сараптама жүргізу арқылы сөз тіркесі синтаксисінде изафеттік қатынастың маңызды екендігін және сөздерді бірімен байланыстаруда, сөйлем құрамында тізбектеуде ерекше құрылым екенін айқындадық.

Қорытынды

«Гүлістан бит Түркі» ескерткішіндегі изафеттік құрылымдарды зерттеу түркі тіл білімінде маңызды орын алады. Изафет арқылы жасалатын синтаксистік қатынастар зат есімдердің өзара байланысу тәсілдерін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл құрылымдар арқылы заттар мен құбылыстардың арасындағы мағыналық байланыстар анықталып, тілдің семантикалық жүйесінің күрделі екенін көрсетеді. Мақалада зерттелген I, II, III типтегі изафет түрлері түркі тілдеріндегі грамматикалық заңдылықтарды сипаттайды. Жазба ескерткішінде кездесетін изафеттік құрылымдардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданысымен ұқсастығы салыстырылған. Сонымен қатар парсы тілінен аударылған кейбір элементтердің ықпалы да көрініс тапқан. Изафет түрлерінің үш негізгі категориясы

– меншікті, матасулы және метафоралы изафеттер – «Гүлістан бит Түркі» мәтініндегі семантикалық рөлін анықтап, тілдің байырғы құрылымын айқындауға үлес қосады. Зерттеу барысында изафет құрылымдарының мағыналық аспектілері мен олардың сөйлемдегі рөлі талданып, ортақ изафет терминімен анықталған тізбекті құрылымдар да қарастырылды. Мақала нәтижелері түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы синтаксисін зерттеуде құнды болып табылады.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР19679974 «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілі» атты гранттық жобасы аясында дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі.

М.Ж. Ескиндинова – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, әдебиетпен жұмыс, тілдік материалдар жинау және талдау, ғылыми мақаланы талапқа сай рәсімдеу.

А.С. Зинедина, Л. Еспекова – зерттеу материалдары мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жұмыс жасау, теориялық материалдарды жинақтау және талдау жүргізу.

Әдебиеттер тізімі

1. Идельбаев М. О средневековом общетюркском памятнике «Гулистан бит-тюрки» Саифа Сарай // Әдебиеттану және фольклор, 2017. – С. 72-79.
2. Наджиб Э. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. – Алма ата, 1975. – 217 с.
3. Аджимамбетова Г., Кочубей А. Употребление изафетных конструкций в крымскотатарском языке // Вопросы крымскотатарской филологии и культуры, №3., 2016 – С. 10-13.
4. Шаяхметов В. Изафетные конструкции в башкирском языке // автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Уфа, 2005. – 20 с.
5. Майзель С. Изафет в турецком языке. – Москва: Издательство академии наук СССР, 1957. – 186 б.
6. Гаджиева Н. Основные пути развития синтаксической структуры тюркских языков. – Москва: Наука, 1973. – 408 с.
7. Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1964. – 244 б.
8. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 247 б.
9. Семенова Г. Изафет и изафетная цепь в чувашском языке // Язык и слово, 2021. – С. 32-34.
10. Қазыналы оңтүстік. Т. 67 // М. Мырзахметұлы, Қ. Тәжиев, С. Өмірзақов т.б. – Астана: Нұрлы әлем, 2012. – 312 б.
11. Резван Х. К вопросу об изафетных конструкциях в персидском языке // Молодой ученый. №15 (74), 2014. – С. 410-412.
12. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
13. Асадулаева У. И., Гаджиев Э. Н. Особенности генезиса изафетных словосочетаний в тюркских языках // Известия Дагестанского государственного педагогического университета. Общественные и гуманитарные науки. - 2017. - Т. 11. – № 4. – С. 25-29.

References

1. Idelbaev M. O srednevekovom obshchetyurkskom pamiatnike «Gulistan bit-turki» Saifa Sarai [On the medieval common Turkic monument "Gulistan bit-turki" by Saif Sarai] (2017, pp. 72-79) [in Russian].
2. Nadzhip E. Tyurkoiazychnyi pamiatnik XIV veka «Gulistan» Seifa Sarai i ego yazyk [The 14th-century Turkic-language monument «Gulistan» by Saif Sarai and its language] (Alma-Ata, 1975, 217 p.) [in Russian].
3. Adzhimambetova G., Kochubei A. Upotreblenie izafetnykh konstruksii v krymskotatarskom yazıke [The use of izafet constructions in the Crimean Tatar language] (2016, pp. 10-13) [in Russian].
4. Shaiakhmetov V. Izafetnye konstruksii v bashkirskom yazıke [Izafet constructions in the Bashkir language]. (Ufa, 2005, 20 p.) [in Russian].
5. Maizel S. Izafet v turetskom yazıke [Izafet in the Turkish language] (Moscow, 1957, 186 p.). [in Russian].
6. Gadzhieva N. Osnovnye puti razvitiya sintaksicheskoi struktury tyurkskikh yazykov [Main ways of development of syntactic structures in Turkic languages] (Moscow, 1973, 408 p.) [in Russian].
7. Kordabaev T. Tarihi sintaksis maseleleri [Historical syntax problems] (Almaty, 1964, 244 p.) [in Kazakh].
8. Balakaev M. Kazirgi kazak tili [Modern Kazakh language] (Almaty, 1992, 247 p.). [in Kazakh].
9. Semenova G. Izafet i izafetnaya tsep' v chuvashskom yazıke [Izafet and izafet chain in the Chuvash language] (2021, pp. 32-34). [in Russian].
10. Myrzkakhmetuly M., Tazhiyev K., Omirzakov S., et al. Kazynaly ontystik. T. 67 [Treasured South. Vol. 67]. (Astana, 2012, 312 p.). [in Kazakh].
11. Rezvan Kh. K voprosu ob izafetnykh konstruksiiakh v persidskom yazıke [On the question of izafet constructions in the Persian language] (2014, pp. 410-412). [in Russian].
12. Sairambaev T. Kazak til biliminin maseleleri [Issues of Kazakh linguistics] (Almaty, 2014, 640 p.). [in Kazakh].
13. Asadulaeva U. I., Gadzhiev E. N. Osobennosti genezisa izafetnykh slovosochetanii v tyurkskikh yazykakh [Features of the genesis of izafet phrases in Turkic languages] (2017, pp. 25-290). [in Russian].

A.S. Zinedina, M.Zh. Eskindiнова, L. Yespekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Izafet Constructions in the Monument "Gulistan Bit Turki" (Syntactic and Semantic Analysis)

Abstract. This article analyzes the semantics of izafet constructions in the "Gulistan bit Turki" monument. The research focuses on studying the syntactic structures of Turkic written monuments, particularly izafet constructions, to gain a deeper understanding of the semantic aspects of the syntactic system of Turkic languages of that period. Izafet constructions help determine the semantic connections between objects, phenomena, and concepts in the language, thus playing a significant role in Turkic linguistics. The aim of the study is to identify the semantic features of izafet relations in the "Gulistan bit Turki" text and analyze their grammatical and semantic connections. By distinguishing the types of izafet constructions (I, II, III), the study examines the use of possessive, subordinate, and metaphorical

meanings and their semantic roles in the written monument. Structural-semantic, historical-comparative, contextual, and syntactic analysis methods are employed in this research. These methods allow for an examination of the semantic aspects of izafet constructions in the text. The semantic analysis of izafet constructions helps explain the fundamental principles of the syntactic system of Turkic languages and reveals the linguistic value of this monument. The research findings can be applied in linguistics, literary studies, and cultural studies. The study offers a comprehensive analysis of the semantics of izafet relations in "Gulistan bit Turki" and demonstrates their importance in shaping the semantic system of Turkic languages. This research makes a significant contribution to the deeper understanding of the historical aspects of the syntactic structure of Turkic languages.

Keywords: izafet, subordination, word combination, Gulistan bit Turki, historical syntax.

А.С. Зинедина, М.Ж. Ескиндинова, Л. Еспекова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**Изафетные конструкции в памятнике «Гулистан бит түркі»
(синтаксико-семантический анализ)**

Аннотация. В статье проводится семантический анализ изафетных конструкций в памятнике «Гулистан бит түркі». Темой исследования является изучение синтаксических структур тюркских письменных памятников, в частности, изафетных отношений, с целью глубокого понимания семантической системы синтаксиса тюркских языков того времени. Изафетные конструкции позволяют выявить семантические связи между предметами, явлениями и понятиями в языке, что делает их значимой частью тюркского языкознания. Цель исследования – определить семантические особенности изафетных отношений в тексте «Гулистан бит түркі» и проанализировать их грамматические и семантические связи. Выделяются типы изафетных конструкций (I, II, III) и анализируется их употребление в письменном памятнике, включая собственные, соподчиненные и метафорические значения. В работе применяются методы структурно-семантического, историко-сравнительного, контекстуального и синтаксического анализа. Эти методы позволяют изучить семантические аспекты изафетных конструкций в тексте. Анализ семантики изафетных конструкций помогает объяснить основные закономерности синтаксической системы тюркских языков и раскрыть лингвистическую ценность этого памятника. Результаты исследования могут быть полезны в лингвистике, литературоведении и культурологии. В итоге был проведен всесторонний анализ семантики изафетных отношений в «Гулистан бит түркі» и выявлена их важность в формировании семантической системы тюркских языков. Это исследование вносит значительный вклад в более глубокое понимание исторических особенностей синтаксической структуры тюркских языков.

Ключевые слова: изафет, соподчинение, словосочетание, Гулистан бит түркі, исторический синтаксис.

Авторлар туралы мәлімет:

Зинедина А.С. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ескиндинова М.Ж. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Еспекова Л. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Zinedina A.S. – PhD student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Eskindirova M.Zh. – PhD, Associate Professor of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Yespekova L. – PhD, Associate Professor of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).